

## **2010 жылғы 20 қыркүйектегі Кеден одағының комиссиясының № 378-шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 28 тамыздағы № 132 шешімі

Еуразиялық экономикалық одағының кеден кодексінің 8-бабының 2-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасы **шешті**:

1. 2010 жылғы 20 қыркүйектегі Кеден одағы комиссиясының № 378 "Кеден құжаттарын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" шешіміне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасында көзделген өзгерістердің 1 және 4-тармақтарын қоспағанда, осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Осы шешімнің қосымшасында көзделген өзгерістердің 1 және 4-тармақтары осы шешім ресми жарияланған күннен бастап 30 күнтізбелік күн өткен соң, бірақ 2023 жылғы 1 қазаннан ерте емес күшіне енеді.

## *Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы*

M. Мясникович

Еуразиялық экономикалық  
комиссиясы алқасының  
2023 жылғы 28 тамыздағы  
№ 132-шешіміне тіркелген  
**КОСЫМША**

## **2010 жылғы 20 қыркүйектегі Кеден одағының комиссиясының № 378-шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР**

1. Мынадай мазмұндағы  $2^5$  тармақпен толықтырылсын:

"2<sup>5</sup>. Зияткерлік меншік объектілері туралы мәліметтер жіктеуіші бекітілсін (29-косымша)".

2. Құжаттар мен мәліметтер түрлерінің сыныптауышының 9-бөлімі (8-қосымша) 09044 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:  
"09045 Көлкі куралын тіркеу туралы күәлік".

3. Алынуы кеден органдарына жүктелген салықтар, алымдар және өзге де төлемдер түрлерінің сыныптауышында (9-қосымша):

а) 2.3-бөлікшесінің 3060 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициялармен толықтырылсын:

"Өзге де қатты бидайға, өзге де бидайға, өзге де арпаға, өзге де жүгеріге, ұсакталған немесе

ұсақталмаган соя бұршақтарына және ұсақталған 3070  
немесе ұсақталмаган құнбағыстың өзге де  
тұқымдарына әкетілім кедендік баж

Таза-көлемі 10 л немесе одан аз бастапқы қаптамада  
тазартылмаган немесе тазартылған шикі құнбағыс  
майына, таза-көлемі 10 л-ден астам бастапқы  
қаптамада тазартылмаган немесе тазартылған шикі  
құнбағыс майына, таза-көлемі 10 л немесе одан аз  
бастапқы қаптамада құнбағыс майына немесе оның  
фракцияларына, бастапқы қаптамада құнбағыс  
майына немесе оның фракцияларына әкетілім  
кедендік баж құнбағыс тұқымынан өсімдік  
майларын немесе майларды алу кезінде алынатын  
таза-көлемі 10 л-ден астам, сүйік, аралас, торт және  
басқа да қатты қалдықтардан тұратын өсімдік тектес  
ұшпайтын майлар, ұнтақталған немесе  
ұнтақталған, түйіршіктелмеген немесе  
түйіршіктелген, ЕАЭО СЭҚ ТН 2304 және 2305  
тауар позицияларында жіктелетін тауарлардан басқа

Азот, калий, фосфор және аралас тыңайтқыштарға 3090";  
әкетілім кедендік баж

**б) 6.3-бөлікшесінің 4280 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы  
позициямен толықтырылсын:**

"Автомобиль отыны ретінде пайдаланылатын 4290".  
сүйітілген көмірсутек газына акциз

#### 4. Мынадай мазмұндағы 29-қосымшамен толықтырылсын:

"2010 жылғы 20 қыркүйектегі  
Кеден одағының  
комиссиясының  
№ 378-шешіміне тіркелген № 29  
ҚОСЫМША

### Зияткерлік меншік объектілері туралы мәліметтер ЖІКТЕУШШ

Код	Зияткерлік меншік объектілері туралы мәліметтердің атауы
I	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізіліміне және (немесе) зияткерлік меншік объектілерінің ұлттық кедендік тізіліміне енгізілген зияткерлік меншік объектілері бар тауарлар (Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Қыргыз Республикасы үшін)
S	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізіліміне және (немесе) зияткерлік меншік объектілерінің ұлттық кедендік тізіліміне енгізілмеген зияткерлік меншік объектілері бар тауарлар (Қазақстан Республикасы үшін)

N	Зияткерлік меншік объектілері жок тауарлар (Армения Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қыргыз Республикасы және Ресей Федерациясы үшін)
F	Еуразиялық экономикалық одаққа мұше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендей тізіліміне және (немесе) зияткерлік меншік объектілерінің ұлттық кедендей тізіліміне енгізілген зияткерлік меншік объектілері жок тауарлар (Беларусь Республикасы үшін)
L	Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес осындай тауарларда көрсетілген зияткерлік қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарды қорғау туралы Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінің жекелеген ережелері және осындай тауарлар таңбаланған даралау құралдары (Ресей Федерациясы үшін) қолданыла алмайтын зияткерлік меншік объектілері бар тауарлар
W	Осы жіктеуіштің "L" коды бар позицияда көрсетілген тауарларды қоспағанда, зияткерлік меншік объектілері бар тауарлар (Ресей Федерациясы үшін)".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК